

## Көкпекті ауданы Преображенка ауылы көшелерінің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округінің әкімінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 шілдеде № 7245 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң                    е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылдың 11 желтоқсандағы қорытындысының негізінде, Преображенка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкпекті ауданының Преображенка ауылдың келесі көшелерінің атаулары:
  - 1) Ленина көшесі Тәуелсіздік көшесі;
  - 2) Куйбышев көшесі Абай көшесі;
  - 3) Советская көшесі Достық көшесі болып өзгертілсін.
2. Көкпекті ауданының "Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етеді:
  - 1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуіді;
  - 2) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Көкпекті ауданының аумағында тарапатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберілуін;
  - 3) осы шешімнің ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

E. Ниязбаев